

2012 жылға арналған Қарасу ауданында жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 50 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 9-13-143 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012.05.25 № 184 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-7) тармақшасына, 18-2-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру Қағидасының 6-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылға арналған Қарасу ауданында жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің қоса беріліп отырған тізбесі **бекітілсін.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары **Б. Б. Уәлиевке жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі Қостанай облысы бойынша
Әділет департаменті Қарасу ауданының
Әділет басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____ Д. Аппазов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2 жы л ғ ы 1 а қ п а н д а ғ ы

№ 50 қаулысымен бекітілген

2012 жылға арналған Қарасу ауданында жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

Реттік саны	Жұмыс берушілер	Кәсібі (мамандығы)	Ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны	Айлық жалақы мөлшері	Жастар практикасының ай бойынша ұзақтығы
1	2	3	4	5	6
1	"Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	і с жүргізуші	1	26000	6
		қазақ тілінің аудармашысы	1	26000	6
2	"Восток ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
3	"Қарасу ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
4	"Люблин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
5	"Қарасу ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
	"Қарасу ауданы				

6	әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
7	"Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	есепші	1	26000	6
8	"Қарасу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	агроном	1	26000	6
9	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қостанай облысы бойынша Әділет департаменті Қарасу ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	заңгер	1	26000	6